


**Хасанғалиев Ескендір Өтегенұлы: ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш = Хасанғалиев Ескендір Утегенович : рекомендательный библиографический указатель / ҚР Ұлттық кітапханасы; құраст.: Ш.Б. Салқанова, Ш.Б. Үсенбаева; ред.: Н.А. Искалиева, Ә.Ш. Сәйдембаева. – Алматы, 2020. – 90 б. – Қазақ, орыс тілдерінде. – («Қазақстан өнері» сериясы).**

Ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш әнші, композитор, Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Хасанғалиев Ескендір Өтегенұлының 80 жылдық мерейтойына арналады. Көрсеткіште 1967 жылдан 2020 жылдың ақпан айына дейінгі баспа бетінде жарық көрген басылымдар қамтылды.

Ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш ғылым және мәдениет қызметкерлеріне, студенттерге, өнерсүйер қауымға, халық артисінің өмірі мен және өнер жолымен жақынырақ танысқысы келетін көпшілік қауымға арналған.



**Абай Құнанбайұлы (1845-1904) = Абай Кунанбайулы (1845-1904) : библиографиялық көрсеткіш : II бөлімді / ҚР Ұлттық кітапханасы ; жоба авторы Б.Қ. Оспанова; алғысөзін жазған Б.Ж. Жүнісбеков ; құраст.: Ә.Ш. Сәйдембаева, М.С. Мырзатаева, Ж.С. Усербаева ; аңдатпа сөзін жазған және ғылыми редакторы А.М. Ісімақова ; ред. Н.А. Искалиева. – Алматы, 2020. – 606 б.**

Библиографиялық көрсеткіш қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған алғашқы классигі, шығыс, сондай-ақ еуропалық мәдениетпен жақындасу рухындағы мәдениет реформаторы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай оның өмірі мен қызметіне арналған библиографиялық көрсеткішті назарларыңызға ұсынады.

Көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, әдебиетшілерге, ұлы ақынның асыл мұрасын зерттеушілерге, студенттер мен жалпы оқырман қауымға арналған.



**Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945): библиографиялық көрсеткіш: II бөлімнен тұрады. I бөлім / ҚР Ұлттық кітапханасы; жоба және алғы сөз авторы Б.Қ. Оспанова; құраст. Б.С. Балғымбаева; ред.: Н.А. Искалиева, А.Ш. Сайдембаева. – Алматы, 2020. – 1489 б.**

Ретроспективтік библиографиялық көрсеткіш Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналады. Бұл құрал 1990 жылы жарық көрген «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты ретроспективтік библиографиялық көрсеткіштің\* жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш тарихшыларға, зерттеушілерге, ғылыми қызметкерлер мен жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, қоғамдық пәндер мамандарына және қалың оқырман қауымға арналған.



**Нығмет Сәбитов (1895–1955) = Нигмет Сабитов (1895–1955) : библиографиялық көрсеткіш = библиографический указатель / ҚР Ұлттық кітапханасы ; жоба авторы Б.Қ. Оспанова ; құраст. Б.С. Балғымбаева ; ред. : Н.А. Искалиева, Б.Ж. Жүнісбеков. – Алматы, 2020. – 45 б. – Қазақ, орыс тілдерінде.**

Көрсеткіш шығыстанушы, этнограф, әдебиетші, библиограф, филология ғылымдарының кандидаты Нығмет Сәбитұлы Сәбитовтың өмірі мен шығармашылығына арналған .

Көрсеткіштегі материалдар 1941 жылдан 2020 жылдың қазан айына дейінгі кезеңді қамтиды. Көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, студенттер мен жалпы оқырман қауымға арналған.